

## Мемлекеттік мүлікті беру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 120 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық мүлік – Тараз қаласы, Байзақ батыр көшесі, 168 мекенжайында орналасқан тұрғын үйдегі жалпы ауданы 270,6 шаршы метр 1-қабаттың үй-жайы мен Қызылорда қаласы, Күләш Байсейітова көшесі, 84 а мекенжайында орналасқан ғимараттағы жалпы ауданы 81,5 шаршы метр 2-қабаттың тұрғын емес үй-жайы заңнамада белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) орналастырылатын акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қормен (келісім бойынша) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*